

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		044-58/ 16 беттің 1беті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

СИЛЛАБУС

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
 Оқу түрі: күндізгі
 Оқытудың нормативтік мерзімі: 1жыл 6 ай
 Циклдар мен пәндер индексі: АП 10
 Курс: 1
 Семестр: 2
 Пән: «Электрондық денсаулық сақтау жүйесі»
 Бақылау нысаны: Д/сынық
 Барлық сағат/кредит көлемі КЗ: 24/1
 Аудиториялық: 24

Шымкент, 2023

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/ 16 беттің 2беті


«Электрондық денсаулық сақтау жүйесі» пән силлабусы жұмыс оқу бағдарламасы бойынша негізінде құрастырылды.

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасының менгерушісі мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 14 « 08 06 2023ж

Кафедра менгерушісі:  Г.Ж.Сарсенбаева

Әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 10 « 30 » 06 2023ж

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Г.О.Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		044-58/ 16 беттің 3беті

Оқытушылар туралы мәліметтер:

№	А.Ж.Т.	Қызметі және дәрежесі	Оқытатын пән атауы	@mail
1	Бегембетова Айсапар Кемельбековна	оқытушы магистр	«Электрондық денсаулық сақтау жүйесі»	aisapar.86@mail.ru
3.	Кабылбекова Диана Хайратовна	аға оқытушы магистр	«Электрондық денсаулық сақтау жүйесі»	diana06.10.90@mail.ru

Байланыс ақпараты:

Кафедраның орналасуы: Әл-Фараби алаңы 3, ОҚМА-ның №4 оқу ғимараты, 2-қабат,
 @mail: www.skma.edu.kz

3.1 Кіріспе

Жалпы Қазақстан Республикасында электронды жүйе барлық салаларда дамыған. Және ел игілігіне сапалы қызметін көрсетуде. Денсаулық саласының электронды жүйесі өз деңгейінде халықтың денсаулығының сапасы жоғару болуына өз септігін тигізуде. Электронды үкімет жүйесінің мақсаты – халыққа медициналық қызмет түрлерін және мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің қызметін барынша сапалы жоғары деңгей көрсету.

Бұл пән білім алушылардың электронды жүйе қызметі туралы сауаттандыруды басты назарға алады және білім алушылардың білікті, жан-жақты маман иесі болуына өз септігін тигізуде. Қазақстан Республикасының электронды денсаулық сақтау жүйесі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және компьютерлік бағдарламаларды барлық медициналық қызметте, яғни емханалық, амбулаторлық, жедел-жәрдем қызметі, білім жетілдіру және оқыту т.б. салаларында ерекше орын алуда.

Бұл пән білім алушылардың бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің қызметімен, жалпы компьютерлік сауаттылықтарын жоғарлатуға он септігін тигізеді.

Білім алушылар өз бетінше жалпы медициналық білімімен қатар заманауи ақпараттық құрылғыларды басқару жүйесімен еркін жұмыс жасай алу қабілетіне ие болады. Білім алушы өз бойына зерттеу-ізденіс, практикалық біліктілікті қалыптастырады.

3.2.Пәннің саясаты:

- 1.Дәлелді себептерсіз сабақтардың барлық түрлерін жібермеу.
- 2.Практикалық сабақтарда белсенді болу.
- 3.Командада жұмыс істей білу.
- 4.Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және оқу-әдістемелік үрдісті жетілдіру бойынша кафедраның іс-шараларына белсенді қатысуы.
- 5.Аудиторияда қауіпсіздік техникасын сақтау.
- 6.Емтиханға жіберу рейтингі аудиториялық, аралық бақылаудан құралады.
- 7.Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс.
- 8."Қанағаттанарлықсыз" бақылау кезінде студент емтиханға жіберілмейді.

Айыппұл санкциялары:

- Білім алушы пән саясатын бір рет бұзғаннан кейін оқытушыдан ауызша ескертпе сөгіс алады.
- Пән саясатын үнемі бұзатын болса кафедра меңгерушісі деканатқа сәйкес рапорт жазады.
- Бір аралық бақылаудан қанағаттанарлықсыз баға алған үшін (АБ1, АБ2) пән бойынша емтиханға жіберілмейді.
- Аудиториялық сабақты себепсіз жіберілген әрбір сабақ үшін білім алушының аралық бақылаудан 1 балы төмендетіледі, марапат балдарды ағымдық бақылаудың орташа бағасына қосылады.
- Кафедраның саясаты бойынша айыппұл және марапат балдары ескеріледі.
- БҒК белсенді қатысқан жұмысы үшін (конференцияда баяндамамен шығу) студентке 5 балдан 10 балға дейін қосылады.
- Егер білім алушы 50% күнделікті рейтингіден (яғни 30 балл) жинамаса, ол емтиханға жіберілмейді.

3.3 Пәннің мақсаты:

Денсаулық сақтаудың электронды жүйесі бойынша зерттеу жұмыстарын жоспарлап, және заман талабына сай ақпараттық жүйелермен жұмыс жасау қабілеттерін жоғарлату. Қазақстан республикасының электронды денсаулық сақтау жүйесінің қызметіне білікті маман ретінде өз үлесін қосу.

3.4. Пәннің міндеттері:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және электронды жүйе қызметі туралы ақпараттарға қол жеткізу, сыни тұрғыдан ойлау, бағалау.
- Ғылыми ізденіс жұмыстарын жоспарлауда, ізденіс жоспарын құруда, қазіргі [компьютерлік технология](#) негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз етуді дамыту.
- Жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдалану, қолдану.
- Білікті маман иесі қызметін атқаруда қарым – қатынас пен жұмыс барысында өзара ағылшын тілін қолдану;
- Медициналық ұйымдағы мейіргерлік қызметтің сапасын жоғарлату мен электронды жүйе қызметін дамытуға баулу.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- Электронды денсаулық сақтау жүйесінің дамуы туралы зерттеу жұмыстарын жүргізе алу.
- Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді көрсете алу.
- Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштермен дәлелдеу.
- Білім алушы тиімді заманауи бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етулердің қызметін жетік меңгеру.
- Е-денсаулық сақтау дамуының негізгі қағидаларын, жалпы жолдарын сипаттай алу.
- Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалық зерттеу көрсеткіштерімен көрсету.

3.6. Реквизитке дейінгі: денсаулықты нығайту

3.7. Реквизиттен кейінгі: Дәлелдемелерге негізделген менеджмент және мейіргер күтімі

3.7.1. Пәннің қысқаша мазмұны:

ҚР денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағыттары және оларға қол жеткізуде е-денсаулық сақтаудың көмегі. Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтау саласының міндеттері. Өз кезегінде денсаулық сақтау жүйесі электрондық денсаулық паспортын жетілдіруден экономикалық тиімділікті тікелей алады, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді, медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлу ашықтығына қол жеткізу есебінен медициналық қызметтердің құнын төмендетуде шығындар азаяды

3.7.2 Тақырыптық жоспар: тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері/әдістері/технологиялары және сабақтың ұзақтығы (білім алушылардың өзіндік жұмысы, білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы, аудиториялық сабақтар, симуляциялық сабақтар)

3.7.3. Аудиториялық тақырыптық жоспары

№	Тақырыптардың аталуы	Мазмұны	Сағат саны
1	Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтауының дамуы. Денсаулық сақтаудағы бар ақпараттық жүйелер және қосымшалар. Бар ақпараттық жүйелердің сипаттамасы. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйелерінің даму бағыттары және е-денсаулық сақтаудың соларға қол жеткізудегі әсері	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтаудың электронды жүйесі. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын ақпараттандырудың ағымдағы ахуалы. Ақпараттық жүйелер және оның түрлері. Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелердің сипаттамалары. Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етілуі. ҚР е-денсаулық сақтау саласындағы ақпараттың қасиеттерінің маңызы. Қазіргі таңда электронды денсаулық сақтау саласының қызмет түрлері	8
2	Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтау дамуының негізгі қағидалары және жалпы жолдары. Е-денсаулық сақтау стратегиялық дамуының негізгі құжаттары. Аралық бақылау-1	Халық тұрғындарына электронды қызмет көрсетудің тиімділігін дәлелдеу. Денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған бағдарламалар. Өтілген аудиториялық сабақтарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау.	8
3	Денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымы. Қазақстан Республикасының е-денсаулық сақтауының міндеттері. Денсаулық сақтаудың ұлттық интеграцияланған статистикалық ақпарат жүйесі. Аралық бақылау-2	Денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымының міндеттері. Денсаулық сақтау жүйесінің инфрақұрылымының даму Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің бірыңғай ұлттық жүйесінің даму этаптары. Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің бірыңғай ұлттық жүйесінің құрылымы. Өтілген аудиториялық сабақтарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау.	8
	Барлығы:		24

3.10. Әдебиеттер, негізгі және қосымша.

Негізгі әдебиеттер:

1. Nurpeisova T.B. Information and communication technology : Textbook / T. B. Nurpeisova, I. N. Kaidash. - [б. м.] : Bastau, 2017. - 480 p.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сактандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		044-58/ 16 беттің 7беті

- 2.Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение: учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГОУ ВПО "Первый гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М.: ГЭОТАР- Медиа, 2015. - 544 с
3. Бөлешов, М. Ә. Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау [Мәтін] : оқулық / М. Ә. Бөлешов. - Алматы : Эверо, 2015. - 244 бет с.

Перевод заглавия: Информационно-коммуникационные технологии

Қосымша әдебиеттер:

1. Сәрсенбаева, Г. Ж. Қоғамдық денсаулық сақтау [Мәтін] : оқу құралы / Г. Ж. Сәрсенбаева ; ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 184 бет. Аканов, В. Н. Девятко, М. К. Кульжанов. - Алматы : Эверо, 2012. - 102 с.
2. .Аканов, А. А. Общественное здравоохранение в Казахстане: концепция, проблемы и перспективы: монография / А. А

Электронды басылымдар

- 1.Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова. - 3-е изд., перераб. и доп. - Электрон. текстовые дан. (43,1Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- 2.Медик, В. А. Общественное здоровье и здравоохранение [Электронный ресурс] : учебник / В. А. Медик, В. К. Юрьев. - Электрон. текстовые дан. (47,6 Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 608 с. эл. опт. диск (CD-ROM)
- 3.Царик, Г. Н. Здравоохранение и общественное здоровье : учебник / под ред. Г. Н. Царик - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2018. - 912 с. <http://www.studmedlib.ru/>
- 4.Аканов, А. А. Общественное здравоохранение : учебник / А. А. Аканов - Москва : Литтерра, 2017. - 496 с. - ISBN 978-5-4235-0207-2. - Текст : электронный [/http://www.studmedlib.ru/](http://www.studmedlib.ru/)
- 5.Қоғамдық денсаулықты сақтау<https://aknurpress.kz/login>.
Сарсенбаева Г.Ж. , 2019/
- 6.Экономика и маркетинг в здравоохранении
- 7.Сыздыкова К.Ш., Тулебаев Ж.С., Актуреева Э.А. , 2019/<https://aknurpress.kz/login>
- Менеджмент в здравоохранении.Сыздыкова К.Ш., Тулебаев Ж.С., Рыскулова А.Р. , 2019/<https://aknurpress.kz/login>
- 8.Сарсенбаева, Г.Ж.Қоғамдық денсаулықты сақтау: Оқу құралы. - 2-ші басылым - Қарағанды: АҚНҰР, 2019. - 184б. <http://rmebrk.kz>
- 9.Бөлешов, М.Ә.Қоғамдық денсаулық және денсаулықты сақтау: Оқулық. / ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы . - Алматы: Полиграфкомбинат, 2012. - 256б. <http://rmebrk.kz>
- 10.Бөлешов, Мырзатай Әбілдаевич.Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау [Мәтін] : оқулық / М. Ә. Бөлешов. -Алматы : Эверо, 2016. - 242 б. <http://elib.kaznu.kz/>
- 11.Общественное здоровье и здравоохранение [Текст] : учеб. для интернов, ординаторов, слушателей циклов первичной переподготовки специалистов по дисциплине "Общественное здоровье и здравоохранение" / Г. Н. Царик, В. М. Ивойлов, Н. Д. Богомолова и др.. - Кемерово : Б.и., 2013. - 911 с. <http://elib.kaznu.kz/>

3.11. Оқытудың және білім берудің әдістері:

Аудиториялық: ауызша сұрау, тест тапсырмаларын құрастыру

3.12. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

Ағымдағы бақылау: ауызша сұрау, тест тапсырмаларды құру.

Аралық бақылау: аудиториялық материалдардың нәтижелерін қорыту, аудиториялық сабақтар тақырыптарынан билет бойынша ауызша сұрау (2-3-шы күні).

Қорытынды бақылау: тестілеуді қамтитын емтихан, тестілеу ретінде өтеді, мұнда емтиханның үлес салмағы 40% құрайды. Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге. Тестте 1-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 баллды құрайды. Platonus ААЖ-де тестілеу түріндегі емтихан.

• **Салмағы**

Бағасы	Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сыни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест)	Салмағы
ТК 1 (ТК А (дәрістер, семинарлар): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу)	Сыни талдаудағы 3 тапсырма: -бақылау сұрақтары, - тапсырма -тесттер	20%
ТК 2 (ТК С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, тәжірибелік дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	Практикалық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; Диспутацияланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	20%
АБ-1, АБ-2.	Курстық тесттер	20%
Емтиханға жіберу рейтингісі		X60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер (384 сұрақ) және билеттер: теориялық сұрақтар, ситуациялық есептер	X 40%
Курстық қорытынды бағасы		0-100 балл

Аттестация

Рейтинг шкаласы

Әріптік баға жүйесі	Сандық эквивалент	Баллдар (%-дық көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	

D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	
Бағалау критерилері	Өте жақсы «А»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда Қанағаттанарлық «C» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда Қанағатсыз «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда.....		

Пән бойынша қорытынды баға мынадай формула бойынша бақылаулар нысандарының белгіленген қатынасына сүйене отырып ресми ведомостьқа енгізілген кезде автоматты түрде есептеледі:

Қорытынды баға = (ТК (аудиториялық, семинарлар) + ТК Симуляция + ТК (аралық бақылау) = РД (жіберу рейтингі) x 60% + баға (Э x 40%)

Емтихан: қорытынды тест

Оларды орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар (ұсынымдар):

Аудиторияға (дәрістерге, семинарларға) дайындық кезінде берілген үлестіру материалын мұқият оқып, қайталау)

Бағалау критерилері:

Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге.

Тестте 50-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 балл.

Тапсыру мерзімі: Орындалған тапсырмаларды жүктеу үшін белгіленген мерзім: оқу курсы аяқтаған сәттен бастап екі апта. Уақытында тапсырылмаған жағдайда төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75-0,9

8. Оқыту және сабақ беру әдістері

- Аудиториялық: ауызша сұрау, тестілік тапсырмаларды құрастыру.

Ауызша жауап

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша жауап	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателер жібермеді, оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып оларға критикалық бағалау берді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жібермегенде, студенттің өзінің түзетуімен сәйкессіздіктер мен принципиалды емес қателер жіберді, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйеге келтірді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64	Білім алушы жауап беру кезінде принципиалды қателер жіберді, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	044-58/ 16 беттің 10беті

	50-54 баллға сәйкес	жүйелеуде едәуір қиналды.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жіберді, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті меңгере алмады, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмады.

Тест тапсырмаларын құрастыру

Бакылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Тест тапсырмаларын құрастыру	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгоритмімен бір типті және адекватты варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгоритмімен бір типті емес варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, кейбір тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен, бірақ анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгоритмімен бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың барлығын емес нақты белгіледі.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес тест тапсырмаларын құрастырмады немесе оларды құрастырды, бірақ өз ойымен емес, көлемі 10-нан кем, мазмұнды емес негізімен, анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгоритмсіз бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың 50%-тен төмен нақты белгіледі.

Қосымша 1

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді көрсете алу.	Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді білмейді.	Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді қанағаттанарлық деңгейде біледі.	Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді жақсы деңгейде біледі.	Денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйелер қызметінің алатын орны туралы дәлелдемелерді өте жақсы деңгейде біледі.
ОН 2	Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштермен дәлелдеу.	Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштермен пайдалана алмайды	Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштерін пайдалана алады.	Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштерін жақсы деңгейде пайдалана алады.	Электронды жүйе бағдарламаларының қызметі денсаулық сақтау жүйесінің жұмысының сапасына тигізетін әсері туралы зерттеу көрсеткіштерін өте жақсы деңгейде пайдалана алады.
ОН3	Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалық зерттеу	Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалық зерттеу	Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалық	Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалы	Е-денсаулық сақтау жүйесінің қызметінің ағымдағы нәтижесін статистикалық зерттеу

	көрсеткіштерін көрсету.	көрсеткіштерін қолдана алмайды.	зерттеу көрсеткіштерін қанағаттанарлық деңгейде қолданады.	қ зерттеу көрсеткіштері н жақсы деңгейде қолданады.	көрсеткіштерін өте жақсы деңгейде қолданады.
--	-------------------------	---------------------------------	--	---	--